

Ақжар ауданының аумағында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 227 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қазанда N 13-4-111 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы N 323 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 05.11.2013 N 323 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақжар ауданының аумағында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

29 (жиырма тоғыз) жасқа дейінгі жастар;
өз еріктерімен босатылған тұлғалар;

уақытша және маусымдық жұмыстарға қатысқан тұлғалар;

50 (елу) жастан асқан тұлғалар;

жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан астам);

жоғары оқу орындарының, колледждердің және кәсіби колледждердің т ү л е к т е р і ;

ұйымдардың штаттық немесе сандық қысқартуына байланысты жұмыссыз қ а л ғ а н т ұ л ғ а л а р .

2. «Нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесін орнату туралы» Ақжар ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі № 98 қаулысының күші жойылды деп танылсын (2009 жылғы 4 мамырда Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-86 тіркелді, 2009 жылғы 16 мамырда № 20 Дала дидары газетінде ж а р и я л а н д ы) .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ.Қ.Айтмұхаметовқа** жүктелсін.

4.Осы қаулы алғаш рет бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тастеміров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК